



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
Материалдары

*2018 жылдың 16-17 ақпаны*

**II том**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы  
III Международной научно-теоретической конференции

*16-17 февраля 2018 года*

**Том II**

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,  
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,  
AND MORALITY**

Proceedings  
of the III International Scientific-Theoretical Conference

*February 16-17, 2018*

**Volume II**

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ  
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ  
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
материалдары**

*2018 жылдың 16 - 17 ақпаны*

**II том**

Астана, 2018

**Редакциялық кеңес**

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің  
**Ә43** дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары ( 2018  
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14  
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8  
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК  
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической конференции**

*16-17 февраля 2018 года*

**Том II**

Астана, 2018

УДК1/14  
ББК87.0  
А43

**Редакционный совет**

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

**А43** Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14  
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8  
ISBN 978-9965-31-975-4

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018

перспектив оказывать влияние на жизнь социума у журналистов, тем выше мера их нравственно-социальной ответственности.

Не зря однажды, прославленный французский мыслитель Рене Декарт очень точно подметил: «Верно определяйте слова, и вы освободите мир от половины недоразумений» [5].

Должно быть, в этой фразе очень тонко отмечается вся суть стремлений журналистской практики – не навредить, как в клятве Гиппократ.

#### Список источников

1. Автореферат Лазутиной Г.В. – <http://www.rusnauka.com>
2. Образовательная Интернет-платформа – <http://www.studbooks.net>
3. Блог об авторском контенте – <http://content-proposition.com>
4. Telegram channel: all about journalism – <http://dddjournalism.info>
5. Цитаты и афоризмы - <http://cityty.su>

### «АР» ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жанабаев Ж.**

Астана қ.

*Zhylbek.zh\_82@mail.ru*

Адамгершілік, адамшылдық, кісілік, имандылық – қазақ халқында адам бойындағы игі де, ізгі қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшемдер деп айтуымыз керек. Сол өлшемдердің бастауында, әрі түпнегізінде «ар» ұғымы тұрмақ.

«Ар» - философиялық ұғым. Бұл мәселенің шеңберінде «ар»- дегеніміз не?. «Ар» негізінде нені ұғынып-білуіміз керек?- деген сауалдардың қойылуы заңдылықты деп білеміз.

«Ар» ұғымының генеологиясының өзі де қызықты. Қысқаша шолу жасалық. Мәселен, гректер бұл ұғымның астарында адамгершілік, рақымшылық ұғымдарын түсінгенді. Б.д.д V ғасыр шамасында бұл ұғым адамгершілік, күнә ұғымдарымен астарласып жатса, кейінгісінде адамның өзі істеген іс-әрекеттері үшін қатты қыңжылатын жағдайға келіп ұштасқанды.

«Ар» («совесть» Ж.М.) гректерде « синидесис» немесе «синейдесис» деп айтылып, оқылған. Бұл ұғымның өзі біршама уақыттар бойы қалыптасқанды. Зерттеуші, ф.ғ.к Иерей Стефан Домусчи өзінің «Античное понимание совести» деген мақаласында былай дейді: *«И вот, очень интересно: мы привыкли думать, что слово «совесть» зародилась у какого –нибудь философа или ученого Древней Греции, но, как считают исследователи, слово «совесть» пришло из разговорного языка. Оно прошло некую трансформацию и сначала представляло собой более сложную фразу, которая переводилась как «знаю наедине сам с собой». Фактически то же, что мы сегодня можем видеть в русском слове «совесть». «Знаю наедине сам с собой», то есть существует некоторое знание обо мне самом, которое знаю только я сам, нечто что меня укоряет или, наоборот , радует, но чего больше не знает никто» [1, 2 б.].*

Енді мына бір пікірге зер салайық. Онда апостол Павелдің пұтқа табынушылар мен иудей еместілерге айтқан (эллин -гректер) сөзін келтірейік: «Заявив, что «дело закона» «написано в сердцах» некоторых язычников, Павел далее говорит: «свидетельствует совесть их...» (2:15б). Составное греческое слово синейдесис сочетает себе предлог син («с») и слово ойда, означающее «знать, ведать» и может переводиться как«совесть» и как «сознание». Буквальный смыслого- «знание с [собой]. Это «внутреннее осознание» -но внутреннее осознание чего? В дниПавла (как и в наши дни) оно имело отношениек внутреннему осознанию добра и зла. Даваяопределение слову синейдесис, один словарьупотребляет термин «нравственноесознание»» [2,3 б.].

Жоғарыдағы мәліметтерден біздің түсінгеніміз «синейдесис» сөзінің мағынасының бірнеше түсіндірмелері бар. Біріншіден, «син» -бірге, ал «ейдесис» - білу, тану дегенді

білдірсе, екіншіден «син» - «со», ал «эйдесис» - «знание» яғни, «со-знание» дегенге келмек. Кейбір зерттеушілер «ейдесис» сөзін Платондық «эйдос» ұғымымен де ұштастырмақ. Оның да жоғары мәнділігі жетерлік. Әрине, ол өз алдына бір тақырып болмақ.

Бұдан біздің ұйғарғанымыз «синейдесис» **өзімнің ішкі дүнием туралы толғаныс, ойланис** дегенді білдіреді деп жорамалдаймыз. Ал адамның өзінің ішкі дүниесі туралы толғанысының, ойланысының мәні, қатынасы қандай дегенге келсек, оның мәні оның эйдосына (идея, пішін, тәсіл, бейне, т.б.) байланысты демекпіз. Ал эйдостар түрліше болуы әбден мүмкін. Яғни, адамның өзінің қылықтары туралы өзімен өзі қалып сыр шегуі және ол қатынаста сау ақылға жүгінуі. Бұл адамды, адамзатты кім жаратты?-деген сауалдарға жауап іздеуге жетелемек. Сауалдарға жауап іздеуі барысында адамның жаратушының жаралыс шеберлігіне таң қалуымен өтпек. Осы кезекте жаратушыны қалай танымақ адам?. Тану жолы - жаралысының жаратушысымен сырласуы, ұғынуы алып келмек. Ол жол эзотериялық білімнің өрістелуімен дамымақ. Біздің тағы да бір түсінгеніміз «ар» - эзотериялық талдауды сұранып тұрған таным жүйесі ретінде өзіндік акциденциялық арналарының бар болуында болып отыр. Бұл туралы Академик Ғарифолла Есім былай дейді: «Адамзатқа қатысты алты жүйенің барлығын айтып, жазып жүрмін, олар: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, сана (ақыл) жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі. Ойлана келе осыларға Ар жүйесін қостым, сонда жеті жүйе болды» [3,14]. Әрі қарай: «Ар жүйесі дегенде біз адамшылық кеңістігі туралы айтпақпыз. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ождан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық т.б.» -деп қорытындылайды [4,15]. Сонда біздің түсінгеніміз ұждан ардың акциденциясы болмақ. Сонда ұжданды танып білмейінше арды түсіну мүмкін емес.

Осы «ар» ұғымы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» еңбегінде «ұждан» күйінде кездеседі. Және біздер, «ар» мен «ұждан» сөздерін қосарландырып қолданып келеміз. Екеуінің де мағынасы орысша «совесть» деп тәржімаланып та келеді. **Мақаламыздың негізгі мақсаты да сол, «ар» ұғымы «ұждан» ұғымына қарағанда жанның тіршіліктік миссиясының жоғары пәрменділігіне сәйкес келеді.**

Шәкәрім өзінің «Үш анығында» негізінен «ұждан» ұғымы туралы айтады. Ал «ар» ұғымы Шәкәрімнің «Өлеңдер мен поэмалар» жинағында кездеседі. Мәселен, «Ашу мен ынсап» өлең жолдарында: «*Бәріне хабар сал, Рақым, Ұят, Ар қайда?*», «*Дайын қылдым бәрін де,-Сақтық, Ұят, Рақым, Ар, Ынсап деген кәрің де.*». Сонымен қатар «Талап мен ақыл» өлеңінде де мынадай ар туралы өлең жолдары кездеседі: «*Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық, Талапқа алты түрлі нәпсі тақтық*», «*Ар демек – адамшылық намыс деген, Арың кетпес жағыңа қарыс деген*». Әрі қарай: «*Жаныммен сүйді әділет, ардың жолың*», «*Ақтан безген ары жоқ өңкей залым*», «*Ардан күсіп, арамның біреуі бол*», «*Ар сатар шайға да болса, Бір асым майға да болса*». Ал «Бостандық таңы атты» өлеңінде: «*Арға ие басшының соңынан еріңдер*», «*Ар түзер адамның адамдық санасын*», «*Ар билейтін заманда нәпсі өліп*», «*Ар түзейтін бір ғылым табылмаса*», - деген өлең жолдары бар [5,47, 50,51 б].

Біздің пікірімізше, данышпан Шәкірім «ар» мәселесінде тізбектілік постулатын сақтаған тәрізді. Ол өзінің өлеңдерінде «ар» жөнінде айтқанымен де, көп адамдар оның байыбына бара бермейтінін білген -ді. Сондықтан да ең алдымен ұждан туралы дүниетанымдық ойлар қозғамақ.

Данышпан Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді ақыл көзімен көреді. Біліп жаратушы – тәңірі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керектісі – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» - деп басталады [6,19].

«Адамдағы ынсап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша «ұждан» деген ұғым туады. Мұны орысша «совесть» деп атайды» -дейді Шәкәрім [7,19].

Ал осы ұждан қайдан шығады? Неден бастау алады? – деген сауалға Шәкәрім: «ұждан (совесть) жанның тілегі» - дейді.

Адам танымында ұждан туралы түсінік қалыптастыру үшін өмір мен өлім арақатанысы туралы баяндау керек. Шәкәрім Қорқыттың өлім туралы дүниетанымдарымен таныса келе, адамға өлімнен құтыла алмайсың. Сондықтан ерте ме кеш пе адамға жан туралы

ойланатын сәт туындайды. Жаратушының алдына барарсың. Бірақ сол жаратушына қандай қылығымен жағасын. Міне, сол жағуды ойланып қою қажет. Шәкәрімнің: «Тән өлгеннен кейін, жан не етпек? Қайда кетпек?» сауалдарының мәнісі осында болып отыр.

Ұждан үшін жанның біржолата жоғалмайтындығы маңызды. Онда үлкен мәнділік жатыр. Егер адам тән өлгеннен кейін жан да өледі, жоқ болады деген сенімге, ұстанымға келсе, онда ұждан маңыздылығын жоғалтып, мәнсіз дүние болып қалуы мүмкін. Бұл арақатынаста мәннің рөлі жоғары. Мән – философиялық ұғым. Мән- логикалық танымның сатылаушысы. Әрі қарай Шәкәрім: «Бәрінен де өлген соң жанның тазарып жоғарылайтынын таныған адам өмірден қуанышта болып өтпек. Ал жанның біржола жоғалатындығына нанған адам өкініште болып, өмірден біржола жоғалдым деп өлсе керек. Ал ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйініп, істеген жақсылығына қуанып өтсе керек. Олай нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянатшылдықтың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. Өлгеннен соңғы жаңа өміріне ондайлар нана алмас.» -деп ойын толықтырады түседі [8,19].

Не себепті? Егер ұждан осы өмірге ғана қатысты болатын болса, онда осы дүниеде ұжданды тазарту оп-оңай іс-әрекетке айналады. Бір сөзбен айтқанда адам өз-өзін ақтап алудың жолдарын іздестірумен-ақ өткізеді. Ал ондай қоғамда абырой, ар, намыс, ынсап, әділет, мейірім деген дүниетанымдары қайшылыққа ұрынады.

Сондықтан да, Шәкәрім: «Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш.»-деген анықты көрсетеді.

Ал ұждан дегеніміз Шәкәрімше ынсап, әділет, мейірім. Осы үшеуін анық - қанығына дейін танып, түсінбейінше және өз өмірінің түпқазығына айналдырмайынша ұжданды білу мүмкін емес. Ал оны біріктіруші, әрі нұсқаушысы сау ақыл демек.

Сау ақыл қанағаттың жақын туысы. Ол жөнінде Ж.Баласұғынның «Құтты білік» дастанының мазмұнында толық берілген. Сондағы ақыл мен қанағат диалогында: «Туысқаннан туысқанға пайда бар»; «Адамға адам қарасса, Береке ғой екі жақсы жарасса!»-деп туыстық байланысы баяндалса,

**Өгділміш Одғұрмышқа:**

Жалғыздықтан азар адам баласы, 3300

Дауасыз зар –жалғыздықтың жарасы» - десе

**Одғұрмыш:**

Өзім қимас туғандардан кетісіп, 3335

Мына жерге келдім неме жетісіп!?

Дінім әлсіз, біліп, қайғы жеп едім,

Игілікті осы жер ме деп едім.

**Қанағат:**

Нәпсіге ерме, ақылмен кес түбірден, 3345

Бас көтерсе – тәнінді бас біліммен!

Жалғызсың! – деп, кінәлайсын туысқан,

Алла менің досым еді ұғысқан.

Сонда жалғыздық деген жоқ. Одғұрмыш дұрыс айтады: «Алла менің досым еді ұғысқан» - деп. Бұл жерде жалғыздық емес, «оңаша қалу» деген жөн болады. Одғұрмыштың: «Дінім әлсіз, біліп, қайғы жеп едім, Игілікті осы жер ме деп едім» дегеніне, Шәкәрім де: «Діншілдің көбі адасып жүр», «Қауымнан қаштым қағылып, Оңаша өмір сағынып», «Ойға оңаша жер керек»- деп толықтыра түседі. Оңаша қалу - бұл адамның Жаратушымен жақындасуы. Оңаша қалу- деген жалғыздық емес.Сенеканың Луцилиюға жазған хатында: «Следует выбрать кого –нибудь из людей добра и всегда иметь его перед глазами, чтобы жить так, словно он смотрит на нас, и так поступать, словно он видит нас» - деп көрсетеді. [9,20].

Бұл жерде Сенека бәрін көруші ұлы куәгер жөнінде меңзеп отыр. Ұлы куәгер – бұл Жаратушы. Исламда Алла бәрін көруші, бәрін білуші, естуші дейді. Қазақ атам айтады:



«Адамнан жасырғанымен Алладан жасыра алмайсын», «Сыбырлағанды құдай естиді» - дейді. Сондықтан да адам қанша рет менің арым таза деп ақталғанымен, оның анық қанығын Алла ғана біледі. **Ар – адамның сыртқы әлемнен тыс тек қана өзіне, өзінің ішкі әлеміне ғана қатысты құпия-сыры. Оны адам өмір бойы қорғаштаумен болады. Қорғанысы ұждан, ұят, намыс, абырой болмақ. Ең бастысы Аллаға тек ғашықтық. Ғашықтық – ар сақтаудың жолы болмақ. Ол тек Алламен бірлескенде ғана ашылмақ. Ол үшін адам өмірінің бір шағында оңаша қалуды іздейді.**

Шәкірім орыс ойшылы Л.Н.Толстойды өзінің үлкен досы деп есептеуінің мәні сонда болар. Орыс ойшылы өзінің «Исповедь» деген еңбегінде былай дейді : ««Но понятие мое о боге, о том, которого я ищущу? - спросил я себя. - Понятие – то это откуда взялось?». И опять при этой мысли во мне поднялись радостные вольны жизни. Все вокруг меня ожило, получило смысл. «Понятие бога –не бог,-сказал я себе. – Понятие есть то, что происходит во мне, понятие о боге есть то, что я могу возбудить и могу не возбудить в себе. Это не то, чего я ищущу. Я ищущу того, без чего бы не могла быть жизнь» [10,144].

Осы тұста Хакім Абайдың: «Алла деген сөз жеңіл» - дегені еріксіз ойға келеді. Алла деп жәй сөз ретінде емес, оны жүрегінде оята алсаң, міне ардың өз бойында барын сезіне аласың, түсіне аласың. Оңаша қалу – сол сезінуге, толғануға жетелейді. Бірақ ар жолы оңай жол емес. Ол тағдыр жолы болмақ. Ар – бұл адамның Аллаға берген анты. Антты бұзу – ардың бұзылуы. Ар жолы – Хақ жолы деген осы болмақ.

Ғарифолла Есім: Мен Шәкәрімнің ар сақта дегенін былайша түсінгім келеді. Сені жаратушы жаратқан кезде өзіне тән адамдық табиғатыңды, болмысыңды сақта деп сана берген. Ол – мүмкіндік, ол – сенің адамдық қасиетің, ол – арың. Сен арыңды сақтай аласың, егер адамшылығың толық болса, сол жағдайда ғана адамшылық Жаратушыдан берілген сый болғаны. Ал егер өзінді адам қылып жібергендігі өзіңнің болмысыңдағы мүмкіндігіңнен тыс, не мүмкіндігіңді ашпайтын істерге баратын болсаң, онда арыңда сын туады [11,81].

Шәкәрімнің: «Егер кімде-кім жаны өлгеннен кейін де көретін өмірінде тірі болатындығына, ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап әбден істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулының бәрін бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылман жолы секілді.»- деуі соның айғағы болмақ [12,19].

Қорытындылап айтсақ, Шәкәрімнің ұжданын жақсы танып түсінуміз керек. Ұждан ар жолына апаратын дүниетаным жолы. Ұжданды толық меңгергенде ғана ар жолын түсіне де аламыз, сақтай да аламыз. Шәкәрім: «Жаздым «Қазақ айнасын», Мінез түзу айласын» – деп қазақ халқын «Үш анық» шығармасының мәнін жете тануға шақырады.

#### Әдебиет тізімі

1. [http://academy.foma.ru/antichnoe\\_ponimanie-sovesti.html](http://academy.foma.ru/antichnoe_ponimanie-sovesti.html).
2. Давид Ропер. Язычники, совесть и миссионерская работа. Послание Павла к римлянам. Истина сегодня. М. 2005. bible-help.ru/wp content/uploads...lessons...200807...
3. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. - Алматы: Атамұра, 2008. -336 б.
4. Сонда.
5. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. «Жалын» баспасы. - Алматы, 1988.
6. М.Мырзахметов. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы, 1991. – 20 б.
7. Сонда.
8. Сонда.
9. Ошерев С.А. Приложение к книге. // Л.А.Сенека. Нравственные письма к Луцилию. – М.: Наука, 1977. – 383 с.
10. Л.Н.Толстой. Собрание сочинений. Том16. Публицистические произведения. 1855-1909 гг. – М.: Художественная литература, 1964.
11. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. - Алматы: Атамұра, 2008. -336 б.
12. М.Мырзахметов. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Алматы, 1991 жыл. – 20 бет.